

**«6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Карибаев Максат Сериковичтің «Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілері мен жарлықтары, ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» заңы, Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдаулары, заңнамалық актілер негізінде құрылды. Шығыс Қазақстан әкімдігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) арасындағы екі жақты меморандумға сәйкес іске асырылған «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясын жүзеге асыру» атты жобалық құжаттарының материалдары қарастырылды.</p> <p>Репатрианттарды бейімдеу мен қоғамға кірігу бағытында жүргізілген негізгі мемлекеттік бағдарламалардың бағыттарына сәйкес.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми дамуының келесі басым бағытына сәйкес орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер;</li> <li>- Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.</li> </ul>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы</u> ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады оның маңыздылығы ашылған. Зерттеу жұмысында репатрианттардың қоғамға күнделікті бейімделуі мен кірігуі процесі әлеуметтанулық, тарихи әдіс тәсілдер арқылы кең көлемде зерттеуге алынған. Репатрианттардың Шығыс Қазақстан облысы бойынша қоныстану көрсеткіштерін, әлеуметтік бейімделуінің оң және теріс жағдайларын зерттеу барысында басқа да ғылыми салалармен байланысы қарастырылған. Шығыс Қазақстандағы ұлттық және халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесіндегі репатрианттардың этномәдени бейімделу мәселелеріне кең көлемде талдау жасалған. Зерттеу жұмысының барысында алынған зерттеу нәтижелері толыққанды нарықтық қатынастарға өту үдерісі кезіндегі халықтың көші-қонының сипаты, рөлі және салдарларын жаңаша түсінуге мүмкіндік беретін аса маңызды теориялық ережелермен байланысты. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеулердің ғылыми маңыздылығы зор.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі бұл тақырып Қазақстанның қазіргі репатриация процесімен байланысты. Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың орналасу көрсеткіштері мен қоғамға кірігу жұмыстарының күнделікті тарихы ашылған. Жұмыста мазмұны теориялық және практикалық тұрғысынан талданған. Зерттеу объектісіне сай арнайы әлеуметтік сауалнамалық зерттеу жұмыстары жүргізілген. Репатрианттардан бейімделудің жекелей өмір тарихын анықтау мақсатында жекелей еркін сұхбаттар алынған. Ғылыми әдебиеттер және мұрағаттық құжаттар сараланып талданып берілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен мемлекеттік тарихты қайта жазып, зерттеу қажеттілігі туындады. Қазіргі таңда шет елдерден оралушы репатрианттар мәселесі отандық тарих ғылымында кең көлемде, кешенді түрде зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі болып отыр. Репатриация, көші-қон мәселесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, қазіргі кезеңге дейін мемлекеттегі қоғам дамуының негізгі басымдылығына айналып отыр. Осы негізде 1991 жылдан бастап жинақталған тәжірибедегі репатрианттардың

			<p>аймақ бойынша қоныстануын, әлеуметтік бейімделуінің оң және теріс жағдайларын әлі де болсын тарихи негізде ашылмаған тұстарына ғылыми тұрғыда талдау жасау қазіргі таңдағы тарих ғылымы үшін жан-жақты зерттеуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі. Шығыс Қазақстан әлеуметтік-мәдени кеңістігінде этникалық қазақтардың этномәдени бірегейлігін қалыптастырудың күнделікті процесін зерттеудің өзектілігін ерекше атап өтуге болады. Өзге мәдени орта этникалық қазақтардың дәстүрлі мәдени құндылықтарының сақталуына ықпал етті, бұл ұлттық ерекшелік пен туа біткен этникалық компоненттің әсерін көрсетті. Бірақ дегенмен тарихи Отаннан тыс жерде өзгеше қоғамдастықта өмір сүрудің хронологиялық бөлігі этно-мәдени бейімделудің қиындықтары, мінез-құлық менталитетіне де әсер етуін зерттеу маңызды. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми зерттеу тақырыбы отандық тарих ғылымында өзектілікке ие, жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеуді талап ететін тақырыптардың бірі болып табылады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мазмұны оның тақырыбын толығымен ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық түрде байланысқан және тақытыптың мақсаты мен міндеттерін ашады. Ғылыми нәтижелері және жасалған тұжырымдары, зерттеудің ғылыми мазмұнын айқындау сәйкестігімен сипатталады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған мәселесін шешуге сәйкес келеді. Мақсаты: Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті өмір тарихын зерттеу. Міндеттер: 1. XX ғ. соңы - XXI ғ. алғашқы екі онжылдығы кезеңінде Қазақстанның репатриациялық саясатының дамуына талдау жүргізу; 2. Қазақтардың тарихи отанына оралуының динамикасын зерттеу; 3. Шығыс Қазақстанда репатрианттарды қоныстандырудың құрылымын анықтау және оған демографиялық сипаттама беру; 4. Қоныс аударушы мен қабылдаушы қоғамның өзара әрекеттесуінің және бейімделуінің күнделікті стратегияларын анықтау; 5. Елге оралушылардың қабылдаушы қоғам ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграция мәселелерін бөліп көрсету;</p>

		<p>6. Қоныс аударушылардың этномәдени бірегейлігінің ерекшеліктеріне және өзге мәдени жүйелеріне талдау жасау;  7. Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру тәжірибесіне талдау жасау және олардың репатрианттардың күнделікті өмірдегі кеңістігін қалыптастыруға әсерін көрсету;  8. Репатриант жастарға қатысты саясатты жүзеге асыру барысындағы олардың кроссмәдени бейімделу алгоритмінің өзара әрекеттесуін бағалау.  Диссертацияның ұсынылған материалдары және алынған нәтижелер қойылған болжамды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  1) <u>толық байланысқан</u>;  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Әрбір бөлім мен тармақшаларының қорытындылары бір - бірімен үндеседі. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан ресми құжаттары мен іргелі еңбектердегі ой - қорытындыларды сыни талдауынан өткізу арқылы өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалынған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  1) <u>сыни талдау бар</u>;  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілген. Тарихи Отанына оралу динамикасы, көші-қон ағымдарының құрылымы және қоныстану географиясы, репатрианттардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі мен қоғамға кірігуі үдерісіне теориялық және әдістемелік тұрғыда зерттеліп, тарихи талдау жасалынған. Шығыс Қазақстан облысында тұратын репатрианттардың Қазақстан қоғамына бейімделу және қоныс аударған аймақпен ерекшелігін ашып көрсете келе, олардың орналасуы, даму көрсеткіші мұрағат деректерін қолдана отырып ғылыми айналымға енгізілген. Шығыс Қазақстандағы ұлттық және халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесіндегі репатрианттардың этномәдени бейімделу мәселелеріне кең көлемде талдау жасалған. Жастардың кроссмәдени бейімделуі мен дайындық бөлімдеріндегі жастармен арнайы сауалнама жүргізіліп, қоғамға кірігу жолындағы бейімделу ерекшеліктері берілген. Репатрианттардың күнделікті өмір тарихында олардың қоғамдық ортаға бейімделуі мен кірігу шараларының тиімділігін арттыру мақсатында далалық зерттеулер мен сауалнамалар арқылы тәжірибе жүзінде ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қағидаттарды толығымен жаңа деп бағалауға болады. Диссертациялық зерттеу Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың күнделікті өмір тарихы бойынша кешенді зерттелген. Облыс көлемінде репатрианттардың аудан мен қалада орналасу көрсеткіштері жинақталған. Қандастардың қоғамға кірігуі мен өзара қарым-қатынастары арнайы сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы зерделенген. Алғаш болып Шығыс Қазақстан облысында ұлттық және халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында жүргізілген қоғамға бейімдеу мен кіріктірудің тәжірибелері ғылыми айналымға енгізілген. Монғол Ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын қазақ тұрғындары арасында «face to face» әдісімен далалық зерттеу жасалынған. Дайындық бөлімінде оқитын репатриант жастардың да қоғамға бейімделудегі көзқарастарына арнайы сауалнамалар жүргізілген. Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың ұқсастықтары мен өзгешеліктеріне салыстырмалы талдау жасалған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Қарастырылған Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті тарихы тақырыбындағы еңбектің әрбір бөлімі бойынша мұқият, тиянақты жұмыс байқалады. Жұмыстың тақырыбы толық ашылған, қойылған мақсат, міндет орындалған. Қолданылған тәжірибелік материалдар сенімді қорытындыларға негізделген, ұсыныстар тәжірибелік маңызға ие. Жұмысты ғылыми тұрғыда зерттеу барысында репатрианттар мәселесін жетілдіру негізінде бірнеше ұсыныстар ұсынған. Зерттеудің жүйелік сипаты, теориялық сұрақтар мен тәжірибелік нәтижелердің байланыстылығы диссертация қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары, толығымен жаңа ақпараттар қарастырылған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Технологиялық шешімдер жаңа болып табылады. Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың қоғамға әлеуметтік-экономикалық тұрғысынан зерттеудің қорытындаларын, алдағы уақыттағы репатриация саясатының дамуына жергілікті басқару органдар ұсыныстар ретінде алуларына болады. Алға қойған негізгі шешімдері маңызды және негізделген.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертациялық жұмыста еөрестілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қазақстан Республикасының репатриация саясатындағы мемлекеттік бағдарламалардың кезең-кезеңімен іске асырылуына жүйелі талдау жүргізілді;</li> <li>– Репатрианттардың тарихи отанына оралу динамикасы және олардың республика көлемінде ораналасуы сандық және сапалық көрсеткіштері тұрғысынан зерттелді;</li> <li>– Шығыс Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі өзге ұлт өкілдері немесе орыс тілді қазақтар басым орналасқан ерекшеліктерін ескере отырып, қандастарды қоныстандыру көрсетілді;</li> <li>– Елге қоныс аударған қандастардың күнделікті өмірдегі психологиялық бейімделу дәрежелерін, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын анықтауға бағытталған аймақтағы әлеуметтік сауалнама нәтижелерін талдау негізінде этникалық репатрианттарды қабылдаушы қоғамдағы интеграциялық процестері мен күнделікті жағдайлардағы коммуникациялық стратегиялары анықталды;</li> <li>– Елге келген қандастар туралы ақпарат зерделеніп, репатрианттардың қоғамға кірігуі мен олардың облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері талданды;</li> <li>– Этникалық репатрианттардың әлеуметтік-мәдени тұрмысы зерттеліп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы қандастардың әлеуметтік-мәдени бейімделулері мен қоғамға интеграциялануының шарттары айқындалды.</li> <li>– Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру бойынша, 2009-2016 жылдары облыста Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жүргізген жұмыс нәтижелері негізінде, өңірдегі қандастар тығыз шоғырланған аудандар мен қалаларда, олардың қоғамдық ортаға бейімделуі мен кіріктірілуіне жәрдемдесу, әлеуметтік-экономикалық қолдау, заңнамалық кеңес беру қызметтеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.</li> <li>– Жастардың кроссмәдени бейімделу мәселелері бойынша мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды талдау нәтижесінде өзекті мәселелер мен</li> </ul>

			<p>оларды шешу жолдары айқындалды. Қандастармен жүргізілген арнайы сауалнама олардың қазіргі әлеуметтік жағдайын жақсартуға деген ынтасы мен бейімделу стратегиясын көрсетті.</p> <p>Атап айтқанда, ҚР-ның Көші-қон процесін реттеу мақсатында қабылданған заңдық құжаттар мен репатрианттарға байланысты мемлекеттік бағдарламалар.</p> <p>Мұрағат құжаттары, статистикалық материалдар. Ғылыми әдебиеттер, арнайы жүргізілген сауалнамалар мен сұхбаттарға негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені дұрыс қоя білген. Диссертациялық жұмыста репатриация саясатына бірқатар ұсыныстар да берілген. <b>Біріншіден</b>, Репатриация саясатының көші-қон заңы бекітілгенге дейінгі және бекітілгеннен кейінгі жағдайына талдау жұмыстары жүргізілген.</p> <p>7.1 шамамен дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p><b>Екіншіден</b>, ХХ ғ. соңы – ХХІ ғ. алғашқы екі онжылдығы кезеңіндегі Қазақстанның репатриация саясатының кезеңдері айқындалды. Қазақтардың тарихи отанына оралу көші-қонының динамикасы анықталды.</p> <p>7.1 шамамен дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p><b>Үшіншіден</b>, Шығыс Қазақстандағы қандастар көп қоныстанған мекендерге талдау жасалған, олардың облыстың басқа да аймақтарына орналастырудың маңыздылығы ашық көрсетілген. Қандастардың елге келгендегі бейімделу шараларының проблемалық маңызды тұстарына зерттеу жұмыстары жүргізілген.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3 ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p><b>Төртіншіден</b>, Репатрианттарды Шығыс Қазақстанға қоныс аударуы олар үшін әдеттен тыс табиғи-климаттық, өндірістік, қолайсыз экологиялық</p>

		<p>жағдайларға байланысты белгілі бейімделу қиындықтары талқыланды. Елге келген қандастар туралы ақпарат зерделеніп, репатрианттардың қоғамға кірігуі мен олардың облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері талданған;</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p><b>Бесіншіден,</b> Елге қоныс аударған қандастардың күнделікті өмірдегі психологиялық бейімделу дәрежелерін, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын анықтауға бағытталған аймақтағы әлеуметтік сауалнама нәтижелерін талдау негізінде этникалық репатрианттарды қабылдаушы қоғамдағы интеграциялық процестері мен күнделікті жағдайлардағы коммуникациялық стратегиялары анықталған.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p><b>Алтыншыдан,</b> Әлеуметтік-экономикалық жағдайда қандастардың өңірдегі алатын орны мен олардың қызметтері талқыланды. Әлеуметтік-мәдени ұқсастықтары мен өзгешіліктері тұрғысын зерттеуде арнайы сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізіліп талдау жұмыстары жасалған. Шығыс Қазақстанға орналасқан репатрианттардың ішіндегі Моңғолиядағы қазақтардың миграциялық көңіл-күйін және Қазақстан жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Монғол Ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын қазақ тұрғындары арасында «face to face» әдісімен далалық зерттеу жүргізілген.</p> <p>7.1 дәлелденді;</p> <p>7.2 жоқ;</p> <p>7.3ия;</p> <p>7.4 кең;</p> <p><b>Жетіншіден,</b> Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру бойынша, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жүргізген жұмыс нәтижелеріне талдау жұмыстары жүргізілген.</p>
--	--	---



			<p>7.1 дәлелденді;  7.2 жоқ;  7.3ия;  7.4 кең;  <b>Сегізіншіден</b>, Шығыс Қазақстан облысындағы қоғамдық бірлестіктердің қызметтері мен атқарған шараларына ұсыныстар көрсетілген. Қазіргі таңдағы репатрианттардың күнделікті тарихындағы этникалық дүниетанымдарының өзгерістерін зерделеу және олардың қоғамдық ортаға бейімделулері өте күрделі әрі қиын процесстердің бірі екендігін жұмыста ашып көрсетуге тырысқан. Осы негізде, елге оралушы азаматтардың немесе оқуға келіп азаматтық алуға ниеттенген этникалық қазақтардың қоғамдық ортаға тез бейімделулері үшін олармен қарым-қатынасты жақсарту шараларында репатрианттардың тарапынан ашылған қоғамдық ұйымдардың қызметтерін де жетілдіру мәселесі ұсынылған.</p> <p>7.1 дәлелденді;  7.2 жоқ;  7.3ия;  7.4 кең;  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері және тұжырымдары мен қорытындылары мазмұндалған ғылыми мақалалары шетелдік импактфакторы бар ғылыми басылымдарда және ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік және Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған. Зерттеу тақырыбы бойынша диссертанттың жалпы саны 10 ғылыми мақаласы жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдіснама қолданылып негізделген. Диссертация жазу кезінде тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне сүйенген. Әлеуметтік-мәдени бейімделуге талдау салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілген. Сонымен қатар жеке топтарды зерттеудегі негізгі тиімді жолдарына проблемалық-хронологиялық, жүйелілік, перспективтілік, статистикалық,

			салыстырмалық-тарихи тәсілдер қолданылған. Зерттеу жұмысы барысында арнайы әзірлеген сұрақтармен сауалнама жүргізу, сұхбат алу, өмірбаяндық еркін сұхбат әдістері де қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу жұмысында сапалы деректерді өңдеу мен зерттеу қолданылған. Статистикалық, сауалнамалық мәліметтерді беру мақсатында түрлі схемалар мен кестелер, диаграммалар пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Ия. Теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, сарапшылардың пікіріне сүйене отырып жазылған. Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың әлеуметтік-экономикалық жағдайда өңірдегі алатын орны мен олардың қызметтері мен тұрғылықты халықпен қарым-қатынасы талқыланған. Репатрианттардың күнделікті өміріндегі әлеуметтік-мәдени ұқсастықтары мен өзгешіліктері тұрғысын зерттеуде арнайы сауалнамалар мен сұхбаттар жүргізіліп талдау жұмыстары жасала отырып дәлелденді және расталды.
		8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Қолданылған әдебиеттердің тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын мұрағат құжаттарына, диссертациялық жұмыстарға, арнайы тақырыптық зерттеулерге, шетелдік ғалымдардың еңбектеріне, ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» заңы, Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдаулары, заңнамалық актілеріне, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының құжаттарымен қатар, Статистика агенттігінің материалдарынан дерек көздері, Шығыс Қазақстан әкімдігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы мен көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 194 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай диссертациялық жұмыстар мен шетелдік ғылыми мақалалар және мерзімді баспалар, заңнамалық және нормативтік құжаттар мен мұрағат материалдары, статистикалық жинақтар тізімін ұсынған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Ия, диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті тарихын зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және алдына қойылған мақсат-міндеттері орындалған. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық – методологиялық ұстанымдары мен принциптері келешекте басқа да ғылыми зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Зерттеудің нысаны Шығыс Қазақстандағы тарихи отандарына оралған қандастардың күнделікті өміріндегі байқалып отыратын мәселелеріне арналғандықтан, диссертациядағы материалдарды студенттер мен магистранттарды оқытқанда да және арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізгенге де пайдалануға болады. Сонымен қатар, ол өңірлік тарихты зерттеуде және репатрианттардың күнделікті өміріне қатысты жұмыстарда пайдаланылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыста көрсетілген репатрианттардың қоғамдық ортаға әлеуметтік-экономикалық бейімделулерін, кірігуін және жалпы жағдайларын көрсететін ұсыныстарды мемлекеттік органдар мен аналитикалық орталықтардың қолдануларына болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңаемес (25% кем жаңаболыптабылады)	Практикалық ұсыныстар репатриция процесі республика деңгейінде зерттеу нысанына арналған зерттеушілермен салыстырғанда жартылай жаңа деп алуға болады. Бірақ жүрізілген ғылыми -зерттеу негізінде дайындалған жұмыс Шығыс Қазақстанның яғни бір өңірдің репатриация мәселелерін зерттеудегі жинақталып, зерттелген жаңа материалдардың жиындығы болып табылады.Зерттеудің нысаны Шығыс Қазақстандағы тарихи отандарына оралған қандастардың күнделікті өміріндегі байқалып отыратын мәселелеріне арналғандықтан, диссертациядағы зерттеулер толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста көрсетілген репатрианттардың қоғамдық ортаға әлеуметтік-экономикалық бейімделулерін, кірігуін және жалпы жағдайлары мен зерттеудің дәйектері өзге үзденушілер тарапынан осығанға дейін жасалмаған.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты жазу және рәсімдеу сапасы жоғары деп бағалауға болады. Докторлық диссертация сөзсіз қызығушылық тудырады, нақтылы материалдарға бай, теориялық әдістемелік тұрғыдан жақсы жазылған толық жұмыс деп қабылдауға болады.
-----	---------------------------	--	--

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

**Ресми рецензент:**

**Әл-фараби ат.КазҰУ археология, этнология және мұражайтану кафедрасының доценты,  
тарих ғылымдарының докторы**



**А.Б.Қалыш**

